

Бекітемін
Бас директоры
"ДХЛ Интернешнл Казахстан" ЖШС
Багдашкин Е. Р.
"05" сәуірі 2025 ж.

DHL көліктік жөнелтпе құжаты бойынша келіп түскен тауардың уақытша сақтау қоймасында сақталуын ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарт

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ.

1.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес осы Шарт оферта болып табылады және «ДХЛ Интернешнл Казахстан» ЖШС-тың (бұдан әрі – «Орындаушы») жеке және заңды тұлғалар үшін (бұдан әрі – «Тапсырыс беруші») «DHL көліктік жөнелтпе құжаты бойынша келген тауардың уақытша сақтау қоймасында (бұдан әрі – УСҚ) сақталуын ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шартты» жасасуға ресми ұсыныс болып табылады.

1.2. Оферта – бұл шарттың одан кез келген жауап берген тұлғамен онда көрсетілген талаптармен шарт жасасуға ұсыныс жасайтын тұлғаның ерік білдіруі ұйғарылатын, шарттың барлық елеулі талаптарын қамтитын ұсыныс.

1.3. Офертаның акцептісі – бұл оферта оған жіберілген тұлғаның оны толық және сөзсіз қабылдауы туралы жауабы. Осы Шарттың акцептісі – оферта бойынша іс-әрекеттерді жасап, Тапсырыс беруші өзінің құқықтық қабілеттігін және әрекетке қабілеттігін, сонымен қатар өзінің Орындаушымен шарттық қарым-қатынастарға кірісудің заңды құқығын растайды.

1.4. Шарттың мәтіні Интернет желісінде, www.edhl.kz/?lang=kz мекенжайы бойынша Орындаушының ресми сайтында жарияланды.

1.5. Осы Шарт оның акцептісі болған сәттен бастап жасасқан болып саналады. Офертаның акцептісі Тапсырыс берушінің осы офертада баяндалған нормалармен, ережелермен және талаптармен толық келісуі және сөзсіз қолдануы болып табылады және де осы Шартты жазбаша жасасуға тең күшті болады.

1.6. Шартты жасасудың толық және сөзсіз келісімі (Офертаның акцептісі) Тапсырыс берушімен мына жолмен жүзеге асырылуы мүмкін, оның талаптарымен көрсетілген келісім болып табылады:

- оның мәтінін тікелей қол қою жолымен;
- кедендік декларациялау үшін ілеспе құжаттаманы дайындау және ұсыну бойынша Орындаушымен ұсынылған шотты төлеу жолымен;
- Орындаушымен УСҚ-да сақтауды ұйымдастыру бойынша қызметтерге қатысты және Орындаушының www.edhl.kz/?lang=kz мекенжайы бойынша ресми сайтында жарияланған тарифтердің қолданылуы келісілген екі келісімге (шартқа) қол қою жолымен.

1.7. Аталған офертаның қолданылу мерзімінің басталуы оны Орындаушының www.edhl.kz/?lang=kz мекенжайы бойынша ресми сайтында жариялау болып табылады.

1.8. Оферта қолданылуының аяқталу мерзімі Орындаушымен айқындалады және офертаның мерзімдерін ұзартуды растайтын құжатты немесе офертаның қолданылуын тоқтату күнін орналастыру жолымен, онымен www.edhl.kz/?lang=kz ресми сайтында жарияланады.

1.9. Орындаушы Тапсырыс берушімен алдын ала келісімсіз, қандай да болсын келісімдерге қол қоймай-ақ, бұл ретте Орындаушының www.edhl.kz/?lang=kz мекенжайы бойынша ресми сайтында өзгертілген талаптардың жариялануын қамтамасыз етіп, бір жақты тәртіпте Шарттың (офертаның) талаптарын кез келген уақытта өзгертуге құқылы.

1.10. Тапсырыс беруші өздігінен Орындаушының сайтында жарияланған ақпараттың кез келген жаңартуларын қадағалауға, оның ішінде, Қызметтерді көрсету талаптарының өзгерістерін, осы Шарттың және Қызметтерді көрсетуге тікелей немесе жанама байланысты немес оларға әсер ететін кез келген өзге де материалдардың өзгерістерін қадағалауға міндетті.

1.11. Тауардың сақталуын ұйымдастыру бойынша қызметтерге мыналар кіреді: меншікті УСҚ-да сақтау немесе кедендік тазартудан өтпеген тауардың сақталуын жүзеге асыратын және осы үшін қажетті рұқсаттары бар ұйымдармен сақтау шарттарын жасасу; кедендік декларациялау үшін ілеспе құжаттаманы

2.0. Нұсқасы

дайындау және ұсыну; сақтау орнына тауардың жөнелтуін жеткізу; сонымен қатар тауардың сақталуын ұйымдастыруға байланысты өзге де қызметтер.

1.12. Уақытша сақтау қоймасында тауарларды сақтауды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету жүк уақытша сақтау қоймасында тіркелген күннен басталады, ал қызмет көрсетудің аяқталу күні тауарларды кеден органымен уақытша сақтау қоймасынан шығаруды ұсыну күні болып табылады.

1.13. Тауарды УСҚ-да максималды сақтау мерзімі тауардың УСҚ-ға келу күнінен бастап төрт айды құрайды.

2. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ.

2.1. Қызметтердің құны Орындаушының www.edhl.kz/?lang=kz мекенжайы бойынша ресми сайтында жарияланған, Орындаушының тарифтеріне сәйкес айқындалады. Орындаушы тарифтерді өзгерту, сол сияқты жаңа қызметтерге жаңа тарифтерді енгізу құқығын өзінде қалдырады.

2.2. Тауарды қабылдаған және тіркеген соң Орындаушы Тапсырыс берушіге тауардың УСҚ-ға келуі туралы хабарлайды, одан арғы кедендік ресімдеуге арналған ілеспе құжаттаманы дайындайды және Тапсырыс берушіге ұсынады, сонымен қатар Тапсырыс берушіге шот ұсынылған күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен төленуі тиіс «Кедендік декларациялауға арналған ілеспе құжаттаманы дайындау және ұсыну бойынша қызмет» үшін төлеуге ұсталатын шотты ұсынады.

2.3. Қызметтерді көрсету фактісі бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша қызметтердің сомаларына шот ұсынады. Аталған шот Тапсырыс берушінің көрсетілген шоттың түпқшаларын талап ету бойынша кейінгі табыстаумен, Орындаушымен DHL көліктік жөнелтпе құжатының деректемелерінде көрсетілген электрондық шот бойынша Тапсырыс берушіге жіберіледі. Тапсырыс беруші шот ұсынылған күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде төлемді жүргізеді.

2.4. Тараптардың келісімі бойынша Орындаушы осы Шарттың 2.3-тармағында көрсетілген шотты үшінші тұлғаға ұсынуы мүмкін, егер соңғысы аталған шотты төлейтінін жазбаша растауын берсе.

2.5. Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтерін Орындаушымен ұсынылған төлеуге ұсталатын шотта көрсетілген соманы банктік шотқа аудару немесе Орындаушының кассасына енгізу жолымен төлейді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

3.1. Орындаушы:

3.1.1. Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасының, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында кедендік реттеу туралы» Кодексінің (бұдан әрі – «Кодекс») талаптарына сәйкес УСҚ-ға келіп түсетін тауардың тіркеуін қамтамасыз етуге;

3.1.2. Үйілме және құйылма тауарларды қоспағанда, тауарлардың барлық типтерінің тиеу-түсіру жұмыстарын өз күштерімен және қызметтері УСҚ қызметтеріне қолданылатын тарифтерге сәйкес төленетін, үшінші тұлғаларды тарту жолымен жүргізуге;

3.1.3. Тауарды қабылдаған және тіркеген соң Тапсырыс берушіге тауардың УСҚ-ға келуі туралы хабарлауға, сондай-ақ Тапсырыс берушіге одан арғы кедендік ресімдеу үшін ілеспе құжаттаманы ұсынуға;

3.1.4. Тауарды УСҚ-ға қабылдау сәтінен бастап тауарды УСҚ-дан шығаруға, Тапсырыс берушіге немесе Алушыға табыстау сәтіне дейін тауарды қаттап сақтауға және сақталуын қамтамасыз етуге;

3.1.5. Келіп түскен тауардың сақтау технологиясын сақтауға;

3.1.6. Кодекстің 173-бабына сәйкес уақытша сақтауда тұрған тауармен операциялардың орындалуын қамтамасыз етуге;

3.1.7. Орындаушыға Кодекстің талаптарына сәйкес кедендік органнан тауардың УСҚ-дан шығуын растайтын кедендік құжаттарды ұсынған кезде, Тапсырыс берушіге жеткізу мақсатында тауарды УСҚ-дан шығаруды жүргізуге немесе Тапсырыс берушіге немесе Алушыға тауардың беруін жүргізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші:

3.2.1. Орындаушыға тауардың сипаты, құрылымы және қасиеттері, тауарды сақтау шарттары туралы құжаттарды және басқа да ақпаратты, сонымен қатар Орындаушымен Шартта көзделген міндеттерді орындау үшін қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға;

3.2.2. УСҚ-ға келіп түсетін тауарды тіркеу үшін қажетті құжаттардың ұсынылуын қамтамасыз етуге. Тапсырыс берушімен тауарды тіркеу және сақталуын жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылмаған немесе уақтылы ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының шеңберінде тауардың сақталу мерзімінің аяқталуына байланысты туындайтын кез келген сомалардың толық көлемде төлеуін, немесе тауарды УСҚ-да тіркеу мерзімін бұзуға байланысты айыппұлдардың төлеуін қоса алғанда, бірақ шектелмей, кедендік өндеуде тауардың кідірісіне байланысты тәуекелді өз мойнына алады.

3.2.3. Орындаушымен көрсетілген қызметтер үшін төлемді төлеуге ұсталатын шотқа сәйкес жүргізуге;

2.0. Нұсқасы

3.2.4. Өңделетін тауардың қозғалысы туралы ақпаратты үздіксіз алу үшін сенімді байланыс арнасын қамтамасыз етуге міндетті.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.

4.1. Орындаушының жауапкершілігі зақымданған тауардың нақты құжатпен расталған құны сол сомаға төмендеген сомамен немесе жоғалған немесе жетіспейтін тауардың нақты құжатпен расталған құнымен шектеледі, бірақ бұл ретте Орындаушының аталған жауапкершілігі жоғалған, жетіспейтін немесе зақымданған тауар салмағының бір килограммы үшін 30,00 АҚШ долларына шаққанда есептелген сомадан аспауы тиіс. Залалдың көрсетілген сомасын есептеу ұлттық валютамен – теңгемен шот ұсынылған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бағамы бойынша жүргізіледі. Шот Орындаушымен жауапкершілікті қабылдаудың жазбаша растауын алу күнінен ерте ұсынылмауы тиіс. Тапсырыс берушіге залал келтіру фактісі және оны теңгемен өтеу сомасы Тараптардың уәкілетті өкілдерімен жасалатын және қол қойылатын актіде көрсетіледі.

4.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің қандай да болсын жанама залалдары және/немесе алынбай қалған пайдасы үшін жауаптылықта болмайды, тіпті егер осындай жанама залалдар және/немесе алынбай қалған пайда болжамды болса да, немесе егер Орындаушы олар туралы хабардар болса, немесе олар туралы білуі мүмкін немесе білуі тиіс болса да.

4.3. Егер Орындаушы міндеттемені тиісті орындау үшін оған байланысты барлық шараларды қолданғанын, сонымен қатар келесі жағдайларды дәлелдесе, онда ол тауарды өңдеу кезінде келтірілген зиян үшін жауаптылықтан босатылады:

а) егер Тапсырыс беруші келтірілген зиянның қажетті дәлелдерін ұсына алмаса;

б) егер залал Орындаушымен заңнаманы, ережелерді және мемлекеттік органдардың ұйғарымдарын сақтағаны салдарынан және/немесе Тапсырыс берушінің осы талаптарды сақтамағаны салдарынан туындаса;

в) егер залал тауарға тән өзіндік айырықша қасиеттің, ақаудың, сапаның немесе кемістіктің нәтижесінде туындаса;

г) егер залал Тапсырыс берушімен Орындаушыға тауардың сипаттамалары туралы хабарлаған мәліметтер жоқтығының, жетіспеушілігінің және/немесе анық еместігінің нәтижесінде туындаса;

д) егер талаптардың орындалмауы және залалды келтіру арасында тікелей себептік байланыс болмаса.

Сондай-ақ Орындаушы қаптаманың сыртқы зақымдары жоқ паллеталардағы тауардың жетіспеуі немесе зақымдануы үшін жауаптылықта болмайды.

Орындаушы УСҚ-ға орналастырылған тауарға қатысты үшінші тұлғалар алдында Тапсырыс берушінің барлық міндеттемелері бойынша жауаптылықта болмайды.

4.4. Тапсырыс беруші кедендік төлемдерді төлемегені, қоймаға орналастырылатын тауардың ілеспе және көліктік құжаттарға сәйкессіздігі, тауардың мәлімделген қасиеттері үшін толық жауаптылықта болады. Соның ішінде, Тапсырыс беруші Орындаушыға залал келтіруге, сонымен қатар Орындаушыны жауапкершілікке тартуға әкеп соқтырған, осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, (оның ішінде тауарларға қатысты кедендік төлемдерді төлеу бойынша міндеттер), Тапсырыс беруші Орындаушыға салынған айыппұлдардың немесе өзге де әкімшілік өндіріп алулардың сомаларынан 100% мөлшердегі айыпақыны төлейді, сонымен қатар Орындаушыға келтірілген барлық өзге де залалды өтейді.

4.5. Орындаушының көрсетілген қызметтері үшін төлемдердің мерзімін өткізіп алғаны үшін, Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудың әрбір күні үшін 0,5% мөлшеріндегі өсімпұл өндіріп алынады.

4.6. ҚР кедендік заңнамасында көзделген, УСҚ-да Тапсырыс берушінің тауарын максималды сақтау мерзімі асқан жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға соңғысының УСҚ-да кейінгі сақтауға, сондай-ақ тиісті кедендік рәсімге тауардың орнын ауыстыру кезінде кедендік органмен тауарды ықтималды тәркілеу рәсімін сақтаумен байланысты шығыстарын өтейді.

5. ФОРС-МАЖОР.

5.1. Егер бұл орындамау форс-мажорлық жағдайлардың нәтижелері болып табылған жағдайда, бір де бір Тарап өзінің міндеттемелерін орындамағаны үшін жауаптылықта болмайды. Бұл жағдайда форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан өзінің міндеттемелерін орындамаған Тарап бұл туралы басқа Тарапқа бір апта мерзімі ішінде жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Аталған хабарлама форс-мажорлық жағдайлардың шығу тегі туралы және бұл қаншалықты мүмкін болса, Тараптың өз міндеттемелерін орындамаумен келтірілген залал туралы ақпаратты қамтуы тиіс.

5.2. Форс-мажорлық жағдайлар алдын ала болжай алынбайтын немесе ақылға қонымды себептермен жол бермеуге мүмкін емес, Тараптардың бақылауынан тыс шыққан жағдайлар деп түсініледі: соғыстар, азаматтық тәртіпсіздіктер, жер сілкінісі, су тасқыны, өрт немесе басқа да табиғи апаттар, ереуілдер немесе

жұмысшылар мен қызметшілердің даулары, сонымен қатар әскери әрекеттер, мемлекеттік органдардың актілері мен әрекеттері.

6. НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ.

6.1. Осы Шартты орындауға байланысты барлық даулар мүмкіндігінше келіссөздер жолымен шешілуі тиіс, Тараптар арасында наразылық алынған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, кез келген Тараптың талабы бойынша мұндай дау ҚР Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына қарауға берілуі мүмкін.

7. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР.

7.1. Шарт осы Шарттың 1.6-тармағына сәйкес Офертаның акцептісі болған сәтте жасалды деп саналады және де Тараптар Шарт бойынша өзара міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2. Осы Шартпен реттелмейтін барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.